



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№49
(19532)
5 сәуір,
бейсенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

2 ЖАҢАШЫЛ БАСТАМАЛАР ЖЕТІСТІКKE ЖЕТЕЛЕЙДІ



3 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ - ҚОЛЖЕТІМДІ ЖҮЙЕ



4 СЫР САҢЛАҒЫ



6 “АҚМЕШІТ - ПЕРОВСК - ҚЫЗЫЛОРДА”



ДЕПУТАТТАР: ОЗЫҚ ОЙЛЫ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚУАНТАДЫ

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының Сыр өңіріндегі сапар барысы туралы БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихаты өтті. Депутаттардың ел жағдайымен етене танысудағы мақсаты – Елбасы Жолдауы мен бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша елді мекен тұрғындары, еңбек ұжымдарымен кездесу өткізіп, аймақта жоғары деңгейде шешілетін құрмеуі қиын мәселелерді анықтау. Осыған орай депутаттар Дархан Мыңбай, Балайым Кесеебаева, Наталья Жұмаділдаева, Фахриддин Қаратаев, Амангелді Дәуренбаев осы кезге дейін Арал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Жалағаш аудандарының елді мекендерін аралады.



Бүгінде аймақ тұрғындары Елбасы ұсынысында міндеттелген халықты баспанамен қамтамасыз ету, жаалақысы төмен қызметкерлерге салықтық жеңілдіктер жасау, жастардың білім алуы және жатақханамен қамтылуы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстармен жақсы таныс. Депутаттар халыққа ақпаратты жеткізуде ауқымды жұмыс атқарған БАҚ өкілдеріне алғысын білдірді.

– Арал, Қазалы аудандарына сапар барысында тұрғындар ЖЕҰ жұмысына байланысты ойларын айтып, қоғамдық қор жұмыстарын жетілдіру мәселесін қозғады. Ауыл мектептеріндегі маңызды мәселенің бірі – ұстаздардың айлық жалақысы. Нақтыланған республикалық бюджет комиссиясында 62 млрд қаражат ұстаздардың еңбекақысын көтеруге арналып отыр. Бұл мәселе республика көлемінде шешімін тауып, жаңа оқу жылынан бастап мұғалімдер еңбекақысының көлемі артатын болады. Бес бастамадан алғашқысы – еліміздің әр отбасына баспана алуға мүмкіндік береді. Құрылыс нарығына үлкен серпіліс әкелетін «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасын бастау үшін жол картасы әзірленген. Ұлттық Банкке жүктелген бұл бастама бойынша ипотекалық несие беру тамыз айынан басталады. Студент жастар Елбасының бес әлеуметтік бастамасында оқу сапасын арттыру, студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын саналы түрде қабылдаған. Жастардың белсенділігіне, жаңашыл көзқарасына риза болдық. Жаңа мамандықтар игеру бойынша сауалдарға жауап беріп, IT мәселесі бойынша оларды қызықтыратын сұрақтардың көп екеніне көзіміз жетті, – деді Дархан Қамзабекұлы.

Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантка қосымша 20 мың грант қосылып отыр. Оның жартысынан астамы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім алуға бағытталды. Депутат Н.Жұмаділдаева бұл гранттардың 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруіне тиесілі екенін атып өтті. Бастама Қазақстанның Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа экономикада зор сұранысқа ие болатын инженерлер, ақпараттық технология, робототехника, нанотехнология, IT саласының кәсіби мамандарын дайындауға мүмкіндік береді. Ал жатақхана құрылысы бойынша Білім және ғылым министрлігі қажеттілік картасын жасаған.

Сыр өңірінің халқымен екінші рет жүздескен Фахриддин Қаратаев аймақ дамуындағы елеулі өзгерістерді байқағанын айтты.

– Әсіресе, өңірде тұрғын үй құрылысының қарқынды жүруі ел дамуының айқын көрінісі. Елбасы Жолдауында міндеттелген жұмыстар идеялардың тұрғыда нақты жүзеге асқан. Өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жолға қойылған. Айталық, Аққұм ауылындағы мал бордақшыла алаңына бардық. Ауылда жел соғып, құм суырып тұрса да, жұмыс қайнап жатыр, – дейді ол.

Жыны барысында депутаттар аймақ халқын алаңдатқан сағаттық белдеуге қатысты өз пікірлерін ортаға салды. Бұл туралы Парламент отырысында да айтылған болатын.

– Адамдардың денсаулығы, рухани тұрғыда кемелденіп, жайлы өмір сүруі – ең басты дүние. Сондықтан бұл мәселені Үкімет қарап жатыр, – деді Дархан Мыңбай.

Кеше ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Балайым Кесеебаева, Дархан Мыңбай кәсіподақтар үйінде болып кәсіподақ мүшелерімен кездесті. Елбасы ұсынған бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру бағыты түсіндірілді.

Халық қалаулысы Д.Мыңбай білім саласына ерекше тоқталса, Б. Кесеебаева әр бағытта жеке-жеке талдау жасады.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасы еліміз үшін маңызды. Өйткені, қай бастаманы аласақ та, ел игілігі жолына негізделген. Мәселен, алдағы уақытта жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту мақсатында олардың салық жүктемесі азаяды. Сондай-ақ, “7-20-25” бағдарламасы бойынша халықты тұрғын үймен қамту мәселесі өз шешімін таппақ. Яғни, несие өсімінің мөлшері кәзіргі күні 16 процент бола, бұл бағдарлама арқылы 7 проценттен аспайтын болады. Оған қоса несие алушының төлемін азайту үшін оның мерзімі 25 жылға дейін ұзартылады. Бұл халық үшін жақсы мүмкіндік деп білемін. Ал, Сыр елі үшін баспана алу мәселесі мейлінше онтайлы жолға қойылған. Себебі, халықты тұрғын үймен қамтуда облыс көп өңірге қарағанда көш ілгеріде тұр, – деді Балайым Тұғанбайқызы.

Жыны соңында қатысушылар өз ойларын білдіріп, пікір алмасты, әрі депутаттарға сауалдарын қойды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Н.Жұмаділдаева, Ф.Қаратаев, Б.Кесеебаева, Д.Мыңбай, А.Дәуренбаев Қорқыт ата атындағы ҚМУ Студенттер сарайында болып, облыстың белсенді жастарымен кездесті. Халық қалаулылары бес әлеуметтік бастамада білім саласының ерекше орын алатынын атап өтті. Сонымен бірге, биыл мемлекеттік білім грантының саны 20 мыңға көбейетіндігін, студенттер үйіндегі жатын орынының 75 мыңға артағынын жеткізді.

Елбасы жоғары білім алушы қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту мәселесін жолға қойып отыр. Бұл дұрыс шешім деп ойлаймын. Өйткені, білімді, білікті болу – заман талабы. Бүгінгі жастарымыз – ертеңгі болашағымыз. Сондықтан жастар үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп отыру керек. Биыл 20 мың грант қосымша бөлінуде. Оның 11 мыңы техникалық мамандықтарға беріледі. Елімізде IT мамандарын даярлайтын оқу орнын ашу да көзделуде. Мұның барлығы жастарға жасалған зор мүмкіндік. Осындай мүмкіндіктерді әрбір жас пайдалана білу керек. Ал, оқу сапасын арттыру, жатақханамен қамту жағынан Қызылордада жастарға жақсы жағдай жасалған, – деді Дархан Мыңбай.

Айлана ЖҰМАДИНОВА,
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» үндеуінде елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру мәселесіне баса назар аударылған болатын.

Қазақстан газ өндіру көлемін 8 млрд текше метрден бастап, тәуелсіздік жылдарында бұл көрсеткішті 52 млрд текше метрге дейін арттырды. Қазір ел тұрғындарының газбен қамтылу деңгейі – 47,4%. Тоғыз облыста газ құбыры мәселесі әртүрлі деңгейде шешілгенімен, Орталық және Солтүстік Қазақстан азаматтары көгілдір отынсыз отыр. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметінше, бұл саладағы жұмыстар 2014 жылы бекітілген газдандырудың 2015-2030 жылдар аралығындағы бас сызбасына сай жүргізіледі. Жауапты орган басшылыққа алып отырған өңірлерді көгілдір отынмен қамтамасыз ету жоспарында елді мекендерге газ тарту жобасының уақыты мен реттілігі нақты көрсетілген. Энергетика министрлігінің газ өнеркәсібін дамыту департаменті басшысының орынбасары Демеу Сейітжановтың айтуынша, «Қараөзек-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана-Көкшетау-Петропавл» бағытындағы «Сарыарқа» магистральді газ құбыры жобасына «ҚазТранГаз» АҚ техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеп, құжат «Мемсараптама» РМҚ-ның оң бағасын алған. Жалпы құны 370 млрд теңге деп бағаланған газдандыру жобасын қаржыландыруға халықаралық қаржы институттары қатысады. Қазір «Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі шетелдік банктермен байланыс орнатып, келіссөздер жүргізіп жатыр. Кезек-кезеңімен сатылай орындалатын газ құбырының құрылысы бойынша арнайы жұмыс тобы құрылған. Жобаның алғашқы кезеңі осы жылдың жазында басталады деп күтілуде.

Орталық және Солтүстік Қазақстанды газдандыру бойынша «Сарыарқа» жобасы өз бастауын «Бейнеу – Бозой – Шымкент» бағытындағы газ құбырының бойында орналасқан «Қараөзектен алады. 2013 жылы «Бейнеу» – «Бозой-Шымкент» газ құбыры іске қосылғанға дейін, оңтүстік өңірі газды сырттан импорттап келгенін атап өту керек. Жалпы ұзындығы 1534 шақырым болатын «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы IV кезеңде жүзеге асады: I кезең

ЕЛБАСЫ БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖОБА

– «Қызылорда-Астана» (1081 шақырым), II кезең – «Астана-Көкшетау» (276 шақырым), III кезең – «Көкшетау-Петропавл» (177 шақырым), IV кезең – «Жезқазған», Теміртаудағы компрессорлық стансаларының құрылысы. Нәтижесінде, 2,7 млн адам табиғи газға қол жеткізуге керек.

2017 жылғы қорытынды дерекке сүйенсек, 1320 елді-мекенде тұратын 8,5 млн адам көгілдір отынға қол жеткізген. Осы тұста Қазақстан өңірлерінің газбен қамтылу деңгейі біркелкі еместігін атап өткізуге келеді. Мәселен, Президенттің әлеуметтік бастамасына арқау болған Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары табиғи газға үміт арттып отырған аймақтар болса, оларға көршілес Қостанай (54%) мен Шығыс Қазақстанның (0,2%) да жағдайы алаңдаушылық туғырады. Маңғыстау облысы (99%), Атырау облысы (98%), Батыс Қазақстан облысы (94%), Ақтөбе (88%), Оңтүстік жұртышылығының көгілдір отынға қолжетімділігі келесі проценттік көрсеткіштермен бағаланады: Қызылорда (64%), Оңтүстік Қазақстан облысы (63%), Жамбыл облысы (65%), Алматы облысы (36%).

Жоспар бойынша 2030 жылға қарай көгілдір отын келген елді-мекендер санын 1600-ге, табиғи газға қол жеткізген халық санын 11,5 млн адамға жеткізуге көзделіп отыр. Энергетика вице-министрі Мағұм Мырзағалиевтің айтуынша, газды ішкі тұтыну тәуелсіздік жылдарында 1,5 есеге өскен.

Еліміздің бас қаласын бетке алған газ құбыры елорданың экологиялық ахуалын жақсартатын деген де болжам бар. Өйткені мамандардың пікірінше, қазір қалада жұмыс істейтін жылу электр стансаларындағы көмір қолданысын шектеп, оның орнына табиғи газды пайдалану ауаға бөлінетін зиянды қалдықтарды 6 есеге (36,1 мың тонна) азайтуға мүмкін. Жалпы есеппен, Астана қаласында бір жылда жұмыс істеп тұрған 2 жылу электр стансасында 651 мың тонна көмір жағылады.

Министрліктің мәліметінше, газ тарту желілерін жобалау мен салу мәселелері Қарағанды, Ақмола облыстары және Астана қаласы әкімдіктерінде қызу талқыланып жатыр.

Сыр өңірін газдандыру 2004 жылы Елбасының бастамасымен қолға алынған болатын. Алдында гана Қазақстан Президенті Жолдауында атап көрсетілген жоба іле-шала ауқымды тірлікке айналды. Жыл ішінде Қызылорда қаласының тұрғын үй секторының 50 пайызы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда, облыстың газдандыру үлесі – 63, соның ішінде Қызылорда қаласын газдандыру үлесі 95 процентті құрайды.

Облыстың аудан орталықтары мен қала маңындағы елді мекендерді газдандыру «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбырының бойында қарастырылған бұрыштар арқылы жүзеге асырылады.

2014-2017 жылдар аралығында Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет, Қызылжарма, Талсуат, Белкөл елді мекендерін және индустриалдық аймақты газдандыру жұмыстары республикалық және облыстық бюджет есебінен қаржыландырылды. Сондай-ақ, облыс әкімдігі мен



«ҚазТранГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес, 4 аудан орталығына (Арал қаласы, Өйтеке би кенті, Шиели кенті және Жаңақорған кенті) және Байқоңыр қаласына автоматтандырылған газ тарту стансалары мен

ЖАЛПЫ 2014-2017 ЖЫЛДАРЫ ОБЛЫС
ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗДАНДЫРУҒА
29 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНІП, ГАЗДАНДЫРУ
ҮЛЕСІ 34 ПРОЦЕНТТЕН 63 ПРОЦЕНТКЕ
КӨТЕРІЛДІ. НӘТИЖЕСІНДЕ 1,5 МҢ ШАҚЫРЫМ
ГАЗ ҚҰБЫРЫ САЛЫНДЫ.

кварталішілік газ құбырларының құрылысы жүргізілді. Облыстың қалған 3 аудан орталығын (Жосалы, Жалағаш, Теренөзек) газдандыру жұмыстарына бюджеттен қаржы қарастыру 2018-2020 жылдарға жоспарланған. Жобалардың жалпы құны шамамен 13 млрд теңгені құрайды.

2018 жылы Жосалы кентіне автоматтандырылған газ тарту станциясының құрылысын аяқтап, Теренөзек кентінде автоматтандырылған газ тарту станциясының құрылысын бастау және Жосалы кентіне орамшылқ газ желісінің құрылысын бастау жоспарланады.

Қызылорда облысын газдандыру өңірде шағын және орта бизнестің дамуына игі ықпалын тигізді. Аймақта оның жалпы өнеркәсіптегі үлес салмағы соңғы 5 жыл ішінде 30 процентке жуық артты. Әсіресе, өнеркәсіп өндірісінде өңдеу саласының үлесі алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда бірнеше есе артты. Бұл негізінен өнімнің өзіндік құнын төмендету нәтижесінде мүмкін болды.

Жалпы, өңірді газдандыру алдағы уақытта Қызылорда облысында өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің өзіндік құнын арзандатып, оның шетел нарығында бәсекелестік қабілетін арттырады деп күтіліп отыр. Бұл оңды үдерістің алғашқы нышандары қазіргі күнде байқалады.

Қазақстан Президентінің үстеміздігі жылдың 1 наурызында халыққа жарияланған үндеуінде «Біз «Қараөзек (Қызылорда облысы) -Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағытында магистральді газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруымыз керек... Бұл 2,7 миллион адамды газбен қамтамасыз етуден қатар, шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, экология жақсарыды», деп атап көрсеткен болатын.

Қорыта айтқанда, Елбасының бастамасымен Қызылорда облысын қамтамасыз етуден басталған әлеуметтік жоба бүгінде еліміздің көптеген өңірлерін, оның ішінде Астана қаласын қамтуды көздеп отыр.

Ж.ӘЛІМАХАН.

ТІЛШІ – ЕЛДЕН

КӨКТЕМДЕ – “БЕЛАРУСЬ”, КҮЗДЕ – “CLAAS”

Көктем шықса болды, шаруа адамдарына тыным жоқ. Күрек-кегпенін сайлайды, трактор-комбайнын майлайды. Құрғап қалған шөпті өртеу, жер жырту, тұқым жаңарту, тағысы тағылар толып жатыр. Олар бүгінде берекеге бастайтын бейнетті тірлікке бел шеше кірісіп кетті.

«Сыр маржаны» серіктестігінің механизаторы Бүркіт Жұбанышбайды біз Қазалыға әдейілеп барған кезімізде егістік басында жолықтырдық. Ақтан батыр ауылында тұратын дикан отбасын осы кәсібімен асырап отыр. Ала жаздай атыз жағалап, ырзық-несібесін жерден теріп үйренген ағамыз еңбекпен келген нанның тәтті екенін өте жақсы түсінеді.

– ЕГІСТІК ДАЛАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫМА ЖЫЙРМА ЖЫЛҒА ЖҰЫҚ УАҚЫТ БОЛДЫ. СОДАН БЕРІ БІРНЕШЕ ТЕХНИКАНЫҢ ТІЗГІНІН ҰСТАДЫМ. БІРАҚ СӨҢҒЫЛАРЫ БҰРЫНҒЫЛАРҒА ҚАРАҒАНДА ӨЛДЕКАЙДА ЫҢҒАЙЛЫ ӨРІ ЖИНАҚЫ. КӨКТЕМ, ЖАЗ МЕЗГІЛДЕРІНДЕ «БЕЛАРУСЬ» ТРАКТОРЫН ЖҮРГІЗЕМІН. АЛ КҮЗДЕ ОНЫ НЕМІСТІҢ «CLAAS» КОМБАЙНЫНА АУЫСТЫРАМЫН. БҰЛАР ЖҰМЫСТЫ БІРШАМА ЖЕҢІЛДЕТТІ, ҚОЛ КҮШІН ДЕ СОНШАЛЫҚТЫ КӨП КЕРЕК ЕТПЕЙДІ, – дейді МЕХАНИЗАТОР.

Заман талабына сай техникалардың көмегімен ол күніне орта есеппен 700-800 центнер күріш бастырады екен. Ал былтыр жалпы көлемі 21 мың

центнер астықты қамбаға құйып, көрсеткішті арттыруға септігін тигізді. Кейіпкеріміз «Сыр маржаны» ЖШС құрылғалы бері шаруашылықтың ыстық-суығын бірге көріп келеді. Ең әуелі 350 гектар жерге күріш егіп жұмыс бастағанда серіктестік құрамында небәрі 35 жұмысшы ғана бар болатын.

Бүгінде серіктестіктің қызмет аясы, жұмыс ауқымы кеңейді. Зауыттағы онтүстіккорейлық

қондырғыларда сағатына – 5, тәулігіне 18 тоннаға дейін Сыр салысы ақталып, Қазақстаннан бөлек, ТМД және Орта Азия мемлекеттеріне

экспортталады. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен ынтымдастық нәтижесінде алынған техникалар күріш, жаңа жоңышқа егуде, ескі жоңышқаны күтіп-баптауда, егін жинауда басты көмекшіге айналды.

Ең бастысы, Ақтан батыр ауылының тұрғындары негізінен нәпақасын осы шаруашылықтан тауып отыр. Серіктестіктің бас агрономы Мұратбай Жетесәлінің айтуынша, 70-80 адам тұрақты жұмыспен қамтылған болса, маусымдық жұмыстың қызатын шағында 180-190 адамға дейін дән даласында тер төгеді.

Нәзерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».
Қазалы ауданынан.



– Қайратбек Әубәкірұлы, өзінің білетіндей, ел егін қамына кірісіп кетті. Жалпы бұл салада алға қойған меже қандай?

– Жалағаш – Сырдағы дара дақыл – күріш өсірумен аты шыққан аудан. Сондықтан еңбеккерлердің бұл салада жиган тәжірибелері жеткілікті. Өткен жылы аудан бойынша 129 млн тонна күріш өндірілгені осы сөзіміздің дәлелі. Дегенмен, ауыл шаруашылығын әртараптандыруға байланысты қажетті шаралар қабылданып, егістік жердің құнарлылығын сақтауға, тың тәсілдерді енгізуге, өнімділікті көтеруге ұдайы талпыныс бола беретіні мәлім. Сол секілді, алдағы уақытта өндірілген ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу мәселесін де назарға алып отырмыз. Сыр қауынын сыртқа экспорттап келетін «Магро» фермерлік қожалығының жұмысын да одан әрі дамыту ойымызда бар.

Жалпы, ауданның ауыл шаруашылығы саласында бүгінде 14 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 133 шаруа қожалығы және 25 фермерлік қожалық болса, сонымен қатар,

Қайратбек СӘРСЕНБАЕВ, Жалағаш ауданының әкімі:

ЖАҢАШЫЛ БАСТАМАЛАР ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

олар арқылы құрылған 40 өндірістік кооператив жұмыс жасайды. Олар мемлекет ұсынған жеңілдіктерді тиімді пайдаланып, жүйелі жұмыс жасап келеді.

Биыл аудан бойынша 32 722 гектар егін орналастыру межеленуде. Оның ішінде 18 100 гектар күріш, 285 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 2200 гектар мақсары, 3500 гектар жана жоңышқа, 5900 гектар ескі жоңышқа, 900 гектар картоп, 787 гектар көкөніс, 1000 гектар бақша дақылдары бар.

Дикан қауым көктемгі ақ егісті аяқтауға жакын. Таяу күндерде күріш егісіне кірісетін боламыз.

– Қай сала болмасын қазіргі нарықтық экономикада кәсіпкерлікпен біте қайнасып жатыр. Оның үстіне, облыс әкімінің бастамасымен биыл облыста «Жанпай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жарияланды. Қаржылай қолдауға барынша басымдық берілуде. Бұл орайда жалағаштықтардың қандай жоспары бар?

– Иә, өте орынды сұрақ. Ауданның тіршілік тамыры негізінен ауыл шаруашылығымен сабақтас екенін айтып өттік. Сондықтан бұл салада аудан еңбеккерлерінің тәжірибесі қалыптасқан, табысты еңбек етіп келеді. Дегенмен, ауданда өндірілген өнімді өңдеу технологиясын қолға алу қажет деп ойлаймын. Яғни, ауыл шаруашылығы саласында қанша өнім өндірілгенмен, оны нарық талабына сай өңдеп, өтімді тауарға айналдыру мәселесі жолға қойылмаған. Осыған байланысты біз биыл аймақта жанпай кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы облыс басшысының қолдауын тиімді пайдаланып, ауданда көкөніс-бақша өнімдерін өңдейтін, күріш қалдығынан құрылса қажетті бұйымдар шығаратын өндіріс орындарын ашуды жоспарлап отырмыз. Дәлірек айтсақ, Германия технологиясы негізінде күріш қалдығынан құрылыс бұйымын жасау жобасы жүзеге асырылатын болса, жылына 4 мың тоннаға дейін күріш қалдығын өңдеуге мүмкіндік туады. Ал көкөніс-бақша өнімдерін жаратудың көптеген әдістері бар. Тек жүйелі жұмыс қажет. Бұл жобалар бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр. Сегін салса, аудандағы «Серпің» өндірістік аймағында жұмыстарын бастайтын болады.

Өзіңіз білесіз, ауылдық жерде жұмыс көзі тапшы. Бірлі-екілі ғана бюджеттік мекеме бар. Шаруашылықта жұмыс жасайтындардың өзі жылдың жарты мезгілінде бос болады. Сондықтан ауылда кәсіп көздерін ашуға көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Бұл мақсатта әрбір ауыл әкіміне кәсіпке ынталы азаматтарға мемлекеттік бағдарламалардың бағыт-бағдарын кеңірек түсіндіріп, кемінде бес жоба әзірлеп, енгізу тапсырылды. Сонымен қатар, әр елді мекенде жылжй салу бастамасын қолға алып отырмыз. Ауданда жылдан жылға мал басы көбейіп, ет, сүт өнімдерінің де көлемі артып келеді. Бұған байланысты да алдағы уақытта тиісті шаралар қабылдау қажет деп ойлаймын.

Айта кетейік, өткен жылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы құны 1 млрд. 408,4 млн теңгені құрайтын 174 жоба қаржыландырылды. Жыл қорытындысы бойынша ауданның кәсіпкерлік саласында 1131 млн теңгенің өнімдері өндіріліп, бюджетке 103 млн теңге салық түсті. Сонымен қатар, ауданда кіші кәсіпкерліктің баяу дамуы ескеріліп, 2015 жылы облыс әкімінің қолдауымен «Жалағаш ауданының экономика салаларын дамытудың 2015-2017 жылдарға арналған Жол картасы» бекітілген болатын. Жол картасы бойынша 3 млрд 710 млн теңгенің 32 жобасын іске асыру жоспарланып, 603 жұмыс орны ашу көзделген. Өткен жылы осы 32 жобаның басым бөлігі аяқталып, 569 жұмыс орны ашылды. Ал биылғы жылдың 1 наурызына ауданның кәсіпкерлік саласында 256,4 млн теңгенің өнімдері өндіріліп, бюджетке 95,7 млн теңге салық түсті. Сондай-ақ, биыл 2358 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген болса, өткен жылмен салыстырғанда 156 субъектіге артып отыр. Жалпы бұл салада 8547 адам еңбек етеді.

– Өзіңіз білетіндей, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында әлемдік өркеніет жолында жаңа технологиялық қалыпқа бейімделіп, таяу жылдарда табысқа жетудің орайлы 10 міндеті көрсетілді. Соның бірі – «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру. Осы бағыттағы жұмыс жайын білесіз...

– Иә, Жолдаудың өзегі – өнеркәсіпті технологияландыру және цифрландыру. Қазақстан халқы сапалы, үздіксіз және 4G мобильді байланысымен қамту. Бұл орайда ауданда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген бірқатар жұмыстар басталып кетті.

Бүгінгі таңда ауданға қарасты Акқыр, Жаңадария, Жаңаталап, Далдабай, Мырзабай ахун, Жаңақоныс елді мекендері сымсыз EVD0 байланысы арқылы интернет желісіне қосылған. Дегенмен, байланыстың бұл түрі пайдаланушылардың интернетке деген сұранысын толық қанағаттандырмайды. Осыған байланысты биыл 4G мобильді байланысын тарату қолға алынбақ. Бұл ретте ҚР Қорғаныс және

Жалағаш ауданының негізгі тіршілік тынысы – ауыл шаруашылығы. Оның ішінде күріш өсіруде аудан диқандарының тәжірибесі мол. Айталық, өткен жылы облыс көлемінде жиналған 500 мың тонна астықтың үштен бірін осы аудан еңбеккерлері өндiрген еді. Көктемнің әр күні жылға азық екенін көңілге түйген диқан қауым тон жібіп, топырақ беті жұмсарғаннан-ақ шаруаға жұмылып, егіске әзірлік жұмыстарын еңсеріп тастады.

«Көрікті қызған кезде соқ» деген, көктемгі қарбалас тірліктің арасында аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевпен әңгімелесіп, Елбасы бастамаларынан туындайтын міндеттер және ауданда өзге де салаларда атқарылып жатқан жұмыстардың жайын білген едік.

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесі ауылдық елді мекендерді кеңжолакты интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етуді 2021 жылға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыруда. Соның ішінде, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінде Мырзабай ахун, Акқұм, Аламесек, Жаңадария, Жаңаталап, Мақпалкөл ауылдарын жердегі

Оның ішінде еш жерде жұмыс жасамайтын, оқымайтын 400-ден астам жаспен әлеуметтік қызметтер аясында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бұл мәселе біздің тұрақты назарымызда. Осы орайда айта кетейін, аудан жастарының спорт саласындағы жетістіктері көңіл қуантады. Айталық, өткен жылдың қорытындысымен аудан спортшылары халықаралық жарыстарда – 2 алтын, 2 күміс, 3 қола, республикалық жарыстар-

болатын. Бұған байланысты жалпы құны 900 млн теңгені құрайтын 300 орындық жаңа мектеп салу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда мектеп құрылысының жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджетке қаржыландыруға ұсынылды. Сондай-ақ, алдағы уақытта аудан орталығынан типтік жобаға сай 100 орындық аурухана салу мәселесі де шешімін табады деген үмітіміз бар. Ал аудан орталығындағы Иманқұл

мешіті көп жылдардан бері тұрғындарға қызмет көрсетіп келгенімен, қазір келушілер үшін таршылық ете бастады. Әсіресе, Айт мерекесі, Қадыр түні сияқты халық көп жиналған кездері қиындықтар туындап жатады. Осы мәселенің шешімін табуда бізге ауданымыздың түлегі, кәсіпкер Е.Сағынбаев қаржылай қолдау көрсетті. Оның демеушілігімен кент орталығынан 300 орындық мешіттің іргетасы қаланып, жанынан 250 орындық асхананың құрылысы басталды. Сондай-ақ, өткен жылы облыстық бюджет есебінен жалпы құны 929,5 млн теңгеге тиіптік жобалағы аудандық ішкі істер бөлімі ғимаратының құрылысы басталған болатын. Бұл ғимараттар жыл соңына дейін ел игілігіне пайдалануға беріледі.

Қаракеткен, М.Шаменов, Мырзабай ахун елді мекендерінің сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстарына бюджеттен 521,2 млн теңге қаржы бөлінген болатын. Бүгінгі таңда Қаракеткен елді мекенінің тұрғындары сапалы ауызсуға қол жеткізді. Ал М.Шаменов, Мырзабай ахун елді мекендерінде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Ауыл тұрғындарына сапалы ауызсудың жететін күні алыс емес. Алдағы жоспарда Мақпалкөл, Акқыр, Жаңадария ауылдық округтерінің ауызсумен қамту жүйесін қайта жаңғырту, ал Жаңақоныс, Далдабай елді мекендерінің ауызсу жүйесін жаңадан салу бағытында жұмыстар жасалуда.

Ауданда алғаш рет жүзеге асырылғалы отырған тың жоба – Жалағаш кентінде қуаттылығы 30 МВт күн сәулесі электрстанциясын салу. Жобаны орналастыруға «Номад Солар» ЖШС-на (Астана қаласы) 164 гектар жер учаскесі бөлініп, қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттары әзірленуде. Құжаттарын рәсімдеуді биылғы жылдың мамыр айында аяқтап, мемлекеттік сараптамаға тапсыру жоспарлануда. Қаржыландыру мәселесі ол шешімін тапса, тамыс айында электр станциясының құрылысы басталанды деген болжам бар.

– Кентті көркейту жайында айтып қалдыңыз. Жасыратыны жоқ, ауылдарды айтағанда кенттегі көшелердің көбінің тозығы жетіп тұр. Тұрғындар тарапынан да жиі көтерілетін мәселенің бірі осы. Бұл жөнінде қандай жоспарларыңыз бар?

– Иә, шынында кент орталығындағы көшелердің басым көпшілігі жөндеуді қажет етеді. Бірақ бұл жұмыстарды кезең-кезеңімен қолға алмасақ, бір мезетте қаржы табу оңай емес. Сондықтан алдағы уақытта ол көшеге ағымдағы жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, аудан орталығын абаттандыру бағытында бірнеше жобаларды іске асыратын боламыз. Айталық, кенттің көрнекті жерінен Т.Жүргенов, І.Қабылов сынды ауданнан шыққан Алаш ардактыларына, Еңбек ерлеріне, қоғам қайраткерлеріне арналған аллея салу, сонымен бірге, Еңбекшілер аллеясын, Дәуімбай елді мекеніндегі демалыс орнын жөндеу бағытында жұмыстар жүргізіледі. Ардагерлер тарапынан көтерілген ұсыныс-пікірлерді назарға ала отырып, аудан тарихында айқын ізі бар Қарақұм көтерілісінің құрбандарына арнап ескерткіш белгі қою, Ауған соғысы, Чернобыль апаты және Семей полигонының қатысушыларына ескерткіш орнату жұмыстары да өз кезегімен іске асырылады.

Айта кетейік, биыл мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 120 жылдығы, Еңбек ері У.Еспановтың 90 жылдығы, ауданда өзіндік тарихы бар «Батыр аналар» ансамблінің 30 жылдығы сынды мерекелік шаралар өткізу жоспарда тұр. Соған сай әзірлік шаралары жан-жақты жүргізілуде.

– Сұбатыңызға рахмет! Алда атқарылатын ауқымды жұмыстарыңыз табысты болсын!

Сұхбаттасқан
**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».**



ДАМУ ДӘНЕКЕРІ

Елбасы Н.Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің келешегін айқындап, атқарылатын істерді көрсетіп келеді. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу мүмкіндіктері де жылдан жылға артып, арманымыз шындыққа айналып, алға қойған мақсаттарымыз жүзеге асады.

Елбасының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауынан жаңа заманының лебі мен жаңа заман талабы байқалуда.

Биылғы Жолдауда Қазақстанның жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін, 10 басты міндетті атап көрсетті. Ол міндеттің қоғамдық денсаулық сақтау саласы үшін ең маңыздысы ол жетінші басымдық болып отыр. Олай деуге негіз бар. Себебі, барлық 10 міндетті де осы жетінші міндетте атап көрсетілген заман талабына сай білікті де білімді, дені сау адами капитал ғана жүзеге асыра алады. Адами капиталдың – жаңғыру негізі, жаңа сапасы, бүгінгі күннің өзекті мәселесі екені де даусыз.

Денсаулық сақтау – дені сау ұлтты қалыптастыратын негізгі көрсеткіштің бірі. Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуі мен медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныстың да көлемі арта түсетіні белгілі. Сондықтан, тұрғындар үшін қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, аурудың алдын алуда бағытталған іс-шараларды жетілдіруіміз қажет. Яғни, Елбасы осы орайда саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керектігін атап өтті. Сонымен қатар «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің жаңа редакциясын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін әзірлеуді тапсырды. Ұлт денсаулығы – ел байлығы. Осы қағидаға сүйене отырып, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын табуға бар жағдайды жасау әрбір азаматтың басты міндеті, ал мемлекет тарапынан ол үшін барлық жағдайлар жасалған.

Бүгінде жұқпалы аурулармен қатар, соматикалық аурулардың да белен алып отырғаны белгілі. Осы орайда, Елбасы жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керектігін, онкологиялық аурулармен күресу үшін кешенді жоспар қабылдап, халықаралық озық тәжірибе негізінде ауруды ерте диагностикалаудың және катерлі ісікті емдеудің жоғары тиімділігін қамтамасыз ете отырып, ғылыми онкологиялық орталық құру қажеттігін атап өтті.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кезең-кезеңімен көшу және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін әзірлеу, ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильді цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру, медицинада генетикалық талдау мен жасанды интеллект технологияларын енгізу және медицина саласының білікті кадрларын дайындау маңызды мәселе болып қала бермек.

Жоғарыда атап көрсетілген Жолдаудағы міндеттердің басты мақсаты – тұрғындарға сапалы да қолжетімді медициналық көмек беруді жетілдіру, еліміздің әлеуметтік-демографиялық өсімін қалыптастыру. Денсаулық сақтау жүйесінің барлық дерлік қызметі еі жүзінде саланың ең басты көрсеткіші болатын өмір сүру ұзақтығын арттыруға арналған.

Халықты сапалы және қолжетімді медициналық қызмет түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.

Осы орайда, қоғамдық денсаулық сақтау саласы мамандарының уақытылы, әрі сапалы қолданылған шаралар нәтижесінде есепті жылы Қызылорда облысында жұқпалы аурулардан эпидемиологиялық «қолайлы» жағдай қалыптасты. Инфекциялық сырқаттардың көрініс беруі тұрақты болып қалыптасып, туляремия, күйліртгі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, ботулизм, қызулау, оба, қызылша, қызамық, көкжөтел, сіріспе, малярия, құтырма, дифтерия, трихинеллез, т.б. аурулары тіркелген жоқ. Жұқпалы аурулардың 18 түрі бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуі орнын алды. Нақты атап кетсек, салмонеллез – 4,6 есеге, ротовирустың әнтериттер – 2,6 есеге, тұмау ауруы – 4,6 есеге, желел респираторлы вирустың инфекциялар – 31,8%, туберкулез – 9,6%, жіті вирусты гепатит А түрі – 4, геморрагиялық қызбалар 3 жағдайға азайды.

Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Жолдауды іске асыру және денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін ұзақ мерзімді жаңғырту аясында, біз облысымыздың барлық аумағында саламатты өмір салтын қалыптастыру, балабақша мен мектеп табалдырығындағы балалар мен жасөспірімдер арасында профилактикалық медицинаның орны мен маңызын айқындай отырып, ақпараттық-түсіндірмелік жұмыс жүргізуге баса ден қоямыз. Тұрғындардың денсаулығын қамтамасыз етуде жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуді басымды бағыттарымыздың бірі ретінде айқындай отырып, жұмыс жасауды қолға аламыз. Бұл қадам облыс тұрғындарының денсаулығын қамтамасыз етуде маңызды үлес болары сөзсіз.

Ұлбосын АХАНАЕВА,
облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы.

ТАҒЫМ

Үстіміздегі жылдың желтоқсан айында, Арал ауданының абадан азаматты Дәуқара Аймағамбетұлының дүниеден озғанына он жыл толады. Бұл азаматты облыс, аудан басшылары, іскерлігі мен біліктілігін бағалап, құрмет тұтатын.

Мен әңгімемді Қазақстан Республикасының өндірісіне еңбек сіңген қайраткері, Арал өңірінде үлкен құрметке ие болған көпелі азамат Дәуқара Аймағамбетұлымен қалай танысқанымнан бастауды жөн көрдім. 1952 жылдың маусым айында Арал қаласына, Гурьевтегі балық техникумынан мұғалімдер келіп емтихан қабылдады. Соған Аралдан 7 сыныпты бітірген мен, 8-9 сыныпты бітірген Дәуқара Аймағамбетов, Жаналі Әлімбетов, Сырғаш Мелетбаев емтихан тапсырып, 1 кырықтөкпен қалмай Гурьевке жететін болдық. Олар менен екі-үш жас үлкен, бір жылдай бір бөлмеде тұрдық. Оқу орыс тілінде. Елден барған бір ауыз орысша білмейтін бізге сабақ өте қиын болды. Кейіннен мен орыс балалармен бірге тұрдым. Төрт жылда «балық өндірудің техник-механигі» деген

отырмын. Шынында да коммунистік партия кадр мәселесінде екі шұқып, бір қарайтын-ды. Үміт күтетін жастарды бастауыш партия ұйымында әдейі қарап, кадр резервіне қоятын. Осындай талаптарды, этиканы біле тұра, Арал комбинатының бас директорлығына сыртта қызметте жүрген азаматты министр бұйрығымен бекіттім. Арادا көп ұзамай ол сенімді ақтамай, ұжыммен тіл табыса алмай дау-дамайдың астында қалды. Өзім он жылдай басқарған ұжымның шыркын бұзбау үшін, оны орыннан босаттық. Оған «Райым» колхозының басқармасы — Дәукенді өзімен келісіп, Арал балық комбинатының бас директорлығына бекіттім. Бұл менің жіберген екінің қателігін еді. Менің ойым, Дәукен бағыя өзіне тән дала дипломатиясы арқылы ұжым жұмысын дұрыс жолға бағыттау болатын.

Сол кезеңдері «демократияшылард» көбіейп өзін-өзі ұсынатын белсенділер пайда болған еді. Бір қызығы, арыя бағыя «Райым» колхозшыларынан облыс басшыларына жазыла бастады. Бес-алты ай шыдаған облыс басшылары «жолдас министр, мына дауды өзін

еді. Міне, осыдан-ақ Дәукеннің елге қандай қалпиді екенін білуге болар.

Сонымен ер Дәукен комбинаттың бас директорлығынан босап, Райым колхозына екінші рет басқарма болып сайланды. Өзіне біткен дала дипломатиясын дұрыс пайдаланып Байқоңыр, Төретамдағы әскер басшыларымен дос болып Қызылжар елді мекеніне дариыдан су келтірді. Үй сайын ағаш ектіріп, жол, көпір салды, ел құрметіне бөледі. Оның тағы бір еште жасаған қызметін айта кетейін. 1987 жылдары маған келіп қолхоз орталығынан жастарға арнап үлкен мәдениет үйін салдырғам деген ойын жеткізді «Ал колхозда қаражат жеткіліксіз, маған қаражаттан көмектес. Жобасын жасатып, құрылыс материалдарын, құрылысшыларды өзім табам» деді. Дәукене қарсы дәлел айта алмай мен де заң бұзғуға бардым. Себебі, мемлекеттік мекеме тікелей колхоздарға қаражат бере алмайтын. Біреулер мәселені шешем десе, жолын іздейді ал керісінше, шешісіз келмесе сылтау іздейді демекші. Колхозшылардың хатына сәйкес қарыс есебінде деп құрылысқа толық жететін

жылы Аймағамбет, Айкеші, Шора, Салықбай аскаалдар Аралдың бірінші басшысы Тәкей Есөтовтің үйіне, қуаныштарына құтты болсын айтып, бата беріп кетейін деп келеді ғой. Есік алдында қосшысы «олар әлі тұрған жоқ» деп кіргізбейтін көрінеді. Ондай кедергінін талайын көрген билер көнсіп бе, кіреміз депті. Сонда бағыя қосшы ағамыз, «осы сендер мені танысыңдар ма?» дейтін көрінеді. Шынында да ол кісінің әкесі елге аға болған, біздің билермен құрдас аға болатын-ды. Билердің үлкені Айкеші, «әй, не деп тұрсың, әкенің құрдасы, шешенің қатары болсам, неге танымаймын» депті. Сөздің аяғын естіп қалған Тәкейдін жас келіншегі Тазағұл бетін басып, «ойбұй, әкелер-ай, тез кіріңдер үйге» деген екен. Билердің талай сөздерін кітап қылып жазуға болады. Дәукеннің сол кісілерге ұқсаған бір сөзін келтірейін.

Жетпісінші жылдардың аяқ кезі. Бір үлкен жиналыс болып, кештеу шыққанбыз, біздің үй орталықта райкомға жақын болатын. Үйге келсем Қуанған жақсы тағам дайындап қойған екен. Өңшейінде бірге жүретін Дәуқара қасымызда жоқ. Менімен бірге келген орынбасарым Жылқыбай Арыңызиевқа «тез Дәуқараны тап, бірге тамақтанайық» дедім. Ал Дәуқара Аралдағы туған құдасы, белгілі азамат Сағи Абатовтың үйіне барыпты. Күнде келіп жүрген құдасы болғасын үй иелері қиналмай дайын тұрған дастарханға жеңіл шәймен отыршыпты. Жылқыбай әдейі машинамен барып менің шақырып жатқанымызды айтады ғой. Сонда сөз шеңбері Дәукен «Күздең шақыратын болса бағана қайда қалды. Жылқыбай сен не деп тұрсың, мына үй иелері туған құдам келді деп апысы кіріп, көпісіп шығып, қазанға тамақ салайын деп жатыр, ешкімнің үйіне бара алмаймын» дейтін көрінеді. Ал құдасы мен құдағайы бір-біріне қарап, ап-таң болып қалыпты. Бұл Дәукеннің өзіне тән әзілі ғой. Дәукеннің сөзі де, ісі де ірі болатын. Қаратөредің директор болып жүрген кезі, бір күні маған келіп, «Күздең, үйің тон берің» деді. Ол кезде комбинатқа әдейі қара тоңдар келетін. Оны мекемелерге бөліп бергенбіз, Дәукен де өзіннен сыбағасын артығымен алған болатын. Байқасам, сол кездегі Қаратөрен ауыл советінің төрағасы белгілі азамат Әлімжан Жүгінісов ағамыздың үйіне Алматыдан құда-құдағайлары үш адам болып қонаққа келеді. Екі-үш күн жайлапты қонақ болғаннан кейін, қыстың аязды күні 200 шақырымдай Арал қаласына жеткізіп салмақын болады. Ол кезде қазірдей жол талмағайдай жарулы жолға жоқ. Қонақтарды тоңдырып алмаймыз ба деп үй иесі қатты қиналыпты. Соны байқаған Дәукен қоймадағы сары майдай сақтаған үш тоңды кигізіп жіберіпті. Маған келуінің себебі сол екен.

1968 жылдың жазында Аралға КСРО халық әртісі Роза Бағланова апай келді. Мақсаты — Арал теңізінің өңтүстігіндегі Ұялы елді мекенінің төңіретіндегі әке-шешесінің басына барып қайту. Ауыл басшысы Тәкей Есөтов Ұялыдағы Дәуқараны қызметтік қатермен шақырып алып, қасына ауаткомның орынбасары Түгелбай Пірімбетов деген азаматты қосады. Розаның аман-есен барып қайту жауапкершілігін тапсырады. Олар апайды жасық құрметпен анағарн, ата-анасының жатқан жерінде болған апай теңірін, риза болып қайтады.

Дәуқара досым шыққан биігін өзінің алал еңбегімен, маңдай терімен бағындыра білді. Азаматтар елге деген ерлік істерін көзімен көріп, талай кұз болған, облысқа белгілі қайраткерлерді атауға болады. Олар — Әбдіхан Көбеев, Қайарман Табынбаев, Бинали Каюпов, Нәжмалдин Мұсабаев, Айтбай Көшербаев, Кішкене Айбосынов, Әбілбай Салдықбаев, Нұрша Оспанов, Шақират Дармағамбетов және басқалары. Ешкім мәңгі өмір сүрмейді. Қызметін халқына арнады. Қайран асыл достарым-ай — Дәуқара, Сағитжан, Әнес, Мұхаммедияр, сіздермен дәмдес, түздік болып, өздеріңді парасатты достарың сыйлаған, керемет рухани ортада тұғмырымын әлемі кезеңін өткізді жазған тағдырмыз ризамын.

Құдайберген САРЖАНОВ,
мемлекет және жоғам қайраткері,
КР өңірісіне еңбек сіңірген қайткері.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

шықпады. Тек «сұрағыңды бере бер, шамам жеткенше жауап берейін» деді де сонау Сыпыра жырау, Асанқайғы, одан кейінгі заман жырауларынан үзінділер айтып, Абайды, Жамбылды, Махамбетті тірітті.

Ол кісі жасында аса зерек болған екен, бір естігенін табаңда жаттап алды екен. Сауат ашып, таң таныған соң өлең-жырды көп оқыпты. Бір танқалғаным — қай өңірдің болмасын халық аузында жүрген жыр-дастандары (батырлар жыры, айттыстарды) түгел жатқа біледі екен. Сосын да замандастары оны «тірі энциклопедия» деп атап, әрқаш ұстап тұтатын болған. Сол Үбекен сөз арасында «қарлар жыры» көп бірақ бәрі шой қайнағанша, ет піскеншегі ғана жетеді. Сонда да «жырауым» деп төстерін ұрады. Олардың ішінде мына Амангелді ауылындағы Рахмет Мәззожаулына жететіні жоқ. Ол өте көп біледі. Бір «Көрғұлының» өзін үш тұн, үш күн айтпай. Бұдан да басқа таң атқанша айтатын дастандары қаншама?»

Айтса айтқандай, Рекен алдымен заманындағы үзгенілес жыраулардың арасындағы репертуар қоры аса мол дүлдүл болатын. Ол 4465 жолдан тұратын «Көрғұлы» дастанын 31 жасында жаттап алып 60 жыл бойы талмай жырлап өткен. Оның жыр қорында бұдан да басқа Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамш Қиғаш, Мұңлық-Зарлық, Шайқас, Қыз Жібек, Қараша, Шырғалды, Қарлығай, Қараша, Шырғалды, Жолбарыс мінген ұры, Шайнама, Жүсіп-Зылиха, т.б. ұзақ-сонар қисса-дастандар, термелер, айттыс өлеңдері болатын.

Қысқасы, Рекен сан қырлы талант еді. Ол заманында саясатты, еңбекті айрықша жырлаған, жақсылықтың насихаттаушысы, дәуірінің үгітшісі де еді. Ұзақ өмірінде талай ақындармен сайысқа түсіп, оза шапқан айттыс ақыны да.

Рекеннің ғұлама жырау екеніне айғақты дәлелдер жетерлік. Ұлы М.Әуезов бұл жырауды Алматыға алдырып өнерін тыңдаған болатын («Батырлар жыры», 4 том, 396 бет, Алматы, 1989 жыл. «Жазушы» баспасы). Осының арқасында Мәззожаевтың нұсқасы бойынша «Көрғұлы» дастанынан төрт саласы басылып шықты («Көрғұлы», «Батырлар жыры», 4 том, 1973-1989 жыл, Алматы, «Жазушы» баспасы). Сондай-ақ 1965 жылы «Пернедегі термелер» кітабына бірнеше өлеңдері (273-275 беттер) енді. 1966 жылы жарық көрген («Жазушы» баспасы, 3 том, 380-390 беттер). «Айттыс» кітабында да оның шығармалары жарияланған.

Қорытып айтқанда, Рахмет Мәззожаулы есімі республика көлеміне алдымен ақын, көлдіариялрды орындаушы-жырыш, актангер айттыскер ретінде танымал, көне сөздің көмбесі. Тек артында жолтаушысы болмағандықтан, оның есімі елеусіз қалып отыр. Тұған ауылындағы клуб үйіне осы жырау есімін беру жөніндегі талап-тілек те ескерілме емес.

Шың мәнінде, рухани азықтың көмбесі жаңғыруы тиіс емес пе?!

Өтеген ЖАШПАРХАН,
ардагер-журналист.



Садықбек Хангелдин 1938 жылы 12 сәуірде дүниеге келген. 1955 жылы Қызылорда қаласында Оспенко атындағы орта мектепті, 1961 жылы бүгінгі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, 1969 жылы Алматы жоғары партия мектебін тәмамдады.

1962-1973 жылдары комсомол жүйесінде қызмет етіп, Қызылорда облыстық комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, Қызылорда қалалық комитетінің бірінші хатшысы, Қызылорда облыстық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің насихат және мәдени-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болды. 1974-1993 жылдары Қазақстан Компартия-сы Орталық Комитетінің ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімінің нұсқаушысы, кейін осы бөлімнің кадр даярлау секторының меңгерушісі, Қазақ ССР халықтық бақылау комитетінің ғылым, білім, мәдениет бөлімі меңгерушісінің орынбасары, кейін бөлімнің меңгерушісі, Қазақстан Мемлекеттік телерадио және Мемлекеттік қаржы бақылау комитеттерінде басшы қызметтер атқарды. Ол қайда жүрсе де, қай қызметте болса да қоғамдық белсенділігімен, іскерлік қабілетімен, азаматтық болмысымен өз ортасында кадр-құрметке ие бола білді.

Садықбек Молдашұлы сондай-ақ ақындығымен, қарымды қалам-герлігімен де танымал тұлға болатын. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, 13 поэзиялық, 8 публицистикалық кітаптардың авторы. Өз шығармаларында туған жер – Отанына деген ыстық сезімін, табиғат сұлулығын, жас ұрпақты бабалар өнегесіне, еңбекке баулуды, елімізді мекендеген ұлттар арасындағы бұлжымас ынтымақты, жастардың бойындағы жалынды жігер, ұшқыр қиял, асқақ арман, өртей махаббаты пыш етті.

Белгілі ақыын, публицист Садықбек Хангелдиннің бір топ өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

СЕНІМ

Сенім атты сымбатты бір тарпанмен
Арман қуып жұмбақ дария кештім мен.
Аймаласып демі шәрбат тандармен
Бір белестен бір белеске көштім мен.

Кейде тағдыр данғыл жолға салғанмен,
Кейбір орден қиналып-ақ өттім мен.
Кей асуға қуанышты барғанмен,
Кей асула қайғы селін төктім мен.

Кей биікте лапылдап кеп жанғанмен,
Кейде жаурап, кеудеме мұз бөктерген.
Жаным сөздіап, кейде қарым талғанмен,
Туған далам бақ самалын өңтірген.

Арым тайса нақ осылай самғар ма ем?
Күрестерден қуат алып өстім мен.
Бір жайым бар, өзге сырға қанғанмен,
Өз сырымды өзім өте кеш білген.

1980 жыл.

СЫР ҰЛЫМЫН

Сыр ұлымын, қаламын Сыр ұлы боп.
Сырым жүрер жанымның тұғыры боп.
Қоңылтаси қалғанда құштар көңіл,
Сыр шертеді Сырымның тұнығы кеп.

Сырда жүріп нұрындай шығар күннің.
Ықыласын елімнің тұмар қылдым.
Алтау боп кеудемде жүр бейнесі,
Ұлы көшпей шұбалған шұбар құнымын.

Елде шалқып көңілім өсе алады –
Талай әште ауылды көсем ел.
Ұстағандай боламын бір қызғалдақ
Қолға тисе Сырымның ошағаны.

Теренсайдың секілді жас құрағы.
Кеудемде жүр кестелі жастық әні.
Сырға келсем –
Жиде мен Жусан ісі,
Еліттірің сезімді мақ қылады.

УАҚЫТ САЗЫ

Күндер өтіп барады,
Күндер өтіп,
Кімнен қалдым,
Білмеймін,
Кімге жетіп –
Күндің күлкім келмейді,
Түнде ұйқым,
Жан азығы – жақсы жыр ділгер етіп.

Айлар өтіп барады,
Айлар өтіп,
Мені тығсым құйыне қайран етіп.
Сұраймын күндерім мен айларымаң:
«Қайдан келдің,
Барасың қайда кетіп?!»

Жылдар өтіп барады,
Жылдар өтіп,
Өнерімді,
Өмірімді тұлғалы етіп.
Жығылмастан келемін отты өлеңге,
Бойымдағы барымды құрбан етіп.

Күндер,
Айлар,
Жылдарым барады өтіп.
Сағат сайын сабырлы,
Саналы өтіп.
Жырымды –
Өлеңімді еттім енші,
Оттың басы –
Отанның жамалы етіп...

Көктем жазға ұласты,
Жазым – күзге...
Күздеі жомарт жан болу лазым бізге.
Өтсін күндер...
Жұбымен жылдар өтсін –
Қайырымды Уақыт, сазыңды үзбе?!...

Қиындықты демесем де аз көрдім.
Өмір, менің көңліме жаз бердін.
Қандай ауыр күйі кешсем де күйзелмей,
Бармақтай бақ-қуанышқа мәз болдым.

Өмір үшін күрес керек белсенді,
Сондықтан да түсірмеймін еңсемді.

1984 жыл.



Алдыңғы қатар, солдан оңға қарай: Омаров Берекет, Мархабаев Абулхамит, Аймағанбетов Дәуқара, Баймағанбетов Адоһазар, Дүйсенов, Жақсыбаев Қожақ, Құдайберген Саржанов, Құмаров Атмыбай, Сермағанбетов Сағитжан, екінші қатардағы оңнан: Жиенбаев Байділда, Әнесов Әбуәкір, , Ібрагимов Қолғанат, Айнешов Орынбасар, Исмағұлов Махмұт, Рахметов Өмірзақ, Қошқаров Жұмағазы.

мамандықпен диплом алып, 1956 жылы Арал балық тресіне келдік. Айта кететін жағдай, осы жылдар ішінде Дәуқара екеуміз сырлас досқа айналдық. Менің артыман келетін жәрдем жоқ, ал Дәуқараның жағдайы жақсы. Артыған күршіп, ет, посьылқа келіп тұрады. Соны бөліп жетінібіз.

Арал балық тресінің басшылары, жас мамандарды балық мекемелеріне бөліп-бөліп жіберді. Дәуқара өзінің алғырлығын көрсете біліп, тез арада, нұсқаушы, аға нұсқаушы, инженер, бас инженер, колхоз төрағасының орынбасары болды. Ал 1964 жылғы күзінде Арал теңізінің өңтүстігіндегі Қарақалмақ жерімен шекаралас Ұялы зауытына директор етіп тағайындалды. Арادا бес-алты жыл өткесін, тәжірибелді Дәукенді 1969 жылы теңіздің батысындағы Ауан зауытының директорлығына ауыстырды. Ал 1975 жылы Қаратөрен балық аулу базасына директор болды. Арادا бес-алты жыл өткесін ол Аралдағы балық өсіретін Қамбаш питомнигін басқарды. 1984 жылы бағыя Арал өңіріндегі 21 колхоздан қалған жалғыз «Райым» колхозына басқарма болып сайланды. Осы жерде өзімбідермендікке салынып кадр мәселесінен жіберген қателігімді айтайын деп

келіп шешпесеніз болмас» деген өтініш айтты. Сонымен не керек, Орталық партия комитетінің басшыларымен келісіп Аралға барып, аудан басшыларымен бірге «Райым» колхозында жиналыс өткізуге тура келді. Колхозшылардың көбісінің аты-жөнін білемін. Себебі, 1958 жылы осы колхозда нұсқаушы болып қызмет жасағанмын. Колхозға енуақытта болмасын деген ойым болмады. Бұл колхозды ауданға белгілі азамат, сөзге шешен, жырау Берекет Омаров ағамыз он жылдай басқарған-ды. Ол ағамызбен де жұмысымыз аралас, қорамыз қоралас болып, туыстай араласқанбыз. Ал енді мына Дәуқара комбинатқа керек басыы, бір жағынан колхозға көметін аямайды деп, үш-төрт рет шығып сөйлеп түсіндірген болдым. Бірақ олар «жолдас министр, сізді жақсы сыйлаймыз, ал Дәукенді колхозға қалдыр» деп отырып алды. Осы жерде колхозшылардың нағыз демократиясын көрдім, бұл маған сабақ болды. Амад қанша, ЦК-қа обкомға жазылған арызларды доғарту мақсатында өз бұйрығыммен Дәукенді бас директордан босатып, колхозына қайта жібердік. Сонымен Дәуқара Аймағамбетұлы екінші рет колхоз басқармасына сайланды. Облысты білмеймің, Арал ауданында болған бұл тұңғыш оқиға

қаржы бөлідіртті. Бір жарым жылдың ішінде, құрылысшыларды Алматыдан алдыртып, құрылыс материалдарын Төретамнан тасытып, аудан көлемінде елді мекендердің еш жерінде жоқ, үлкен мәдениет үйін салдырды. Міне, осы және Арал өңірінің өркендеуіне жасаған басқа да еңбегін ескеріп, Қызылжардағы мәдениет үйін Дәуқара Аймағамбетұлының есімімен атаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Дәукен тектілер ұрпағынан еді. Әкесі Аймағамбет Сейіт болыстың көмекшісі болған. Болыс көмекшісі тегін адам болмайтыны белгілі. Аймағамбет әкенің елге көсем, сөзге шешен екенін жас та болсақ көріп қалдық. Арал өңірінің соңғы билері Аймағамбет, Шора, Айкеші, Салықбай аскаалдар туралы «Аралдың айтылмаған ақиқаты» атты кітабымда жазғанмын. Быыл шығатын «Толқыммен алысқан, балықшылар арыстан» атты кітабымда да тоқталдым. Біздің елде, төрт билді кезінде айған әзілдері ел аузында. Шора аскаал Дәукеннің қайын атасы. Яғни, Дәукеннің елу шақырым жерге атпен алып қашқан жары Зәбүдің әкесі. Жаны жәннәтта болғыр Забу марқұм қашанда қай кезде де тек туыс емес, Дәукеннің атын атап келген кім болмасын, есіті ашық, төрі дайын болатын. 1970

Он екі перне, екі шек
Нәубетпенен қағайын.
Жиналып келген, ағайын,
Табылар ма екен жақсы сөз?
Шабытымды байқап қарайын
Он бесімде жыр айтып,
Өткіздім мәжіліс талайын.
Жаран қалған жыр болса
Сіздерден несің аяйым.

Сөйлейтін келді жағдайым
Ұстайсыңдар қандайын? – деп жұртты елжітіріп алады да өзінің репертуарының мазмұнын баяндайды.

Алматыдан жекуді тілгізген,
Дұшпандық қылан залымның
Дарға басын тілгізген
Ғажданбектей батырдың
Көкке төбесін тігіткен,

«Көрғұлының» айтсам болар ма?
Оған көңілдің толар ма?
Оған көңілің толмаса... – деп өзінің репертуарындағы қисса, дастандардың мазмұнын бір сағаттай уақыт баяндап шығады. Содан жұрт «мынаны айтыңыз» деп таңдауын сұрайды. Жырау жұрт таңдауын айтып, таңды атырады.

Міне, сол кезден бастап мен Рахмет атаның өнеріне үйірскө, құмар болдым. Бүгін бір үйде жырласа, келесі күні көрші фермага шақырады. Күнізді ұйқымыз қандырып алып, кешке тайға мініп, жырауды шақырап үйге барып, таң атқанша тыңдаймын. Осылай талай күндерді өткіздім. Сөйтіп жүріп, жыраудан Күдері мен Үдібікеннің, Нартай мен Ұрмаш қыздың, Бұдабай мен Қарлығаштың, Кешінбай мен Ақсұлудың айттыстарын, т.б бірнеше термелер жаттап алып едім. Бірақ ол кезде атпаған ақындар жөнінде тіпті мағұматтарым жоқ болатын. Әйтеуір түнде жаттағандарымды ертеңге үй ішіне, ауыл балаларына айтып беретінімді, Қысқасы, мені жаулап алуының бірінші сыры сондай еді.

Оқырман қауымының сеніміне кіру үшін тағы бір құпиямын бетін ашайын. Университет бітірген соң көп жыл облыстық теле-радио комитетінде қызмет істедім, журналистикадағы шабытты шақытарым сонда өтті. Сол тұстағы тіпті, одан кейінгі кәзгірі ел аузында жүрген Шамшат, Әбілаш, Көшеней, Қуандық, Бекзұақ, Нәбат, Мәдина, Салабек, Мұрат, Бексұлтан, т.б жырыш, әнші, күйшілердің өнерін таспаға түсіріп, ел көзесіне жаратушылардың бел ортасында боламын. Сол сәттерден бір естелік: «Қармақшы ауданындағы оңашы ауылда Ақпұды Үбейұтан деген әнші адам барды. Ол ескі жыр-дастанды өте көп біледі. Сол өңіредігі ақын, жырышар, тіпті Тұрмағамбет пен Шораяқтың Омарының өзі көп нәрсені осы кезінде үйреніптіт» дегенді естіп алыыс үлкішің жылы сол кісіні іздеп Чапаев қолшоңыра бардым. Үбекен қарттық жеңіп, мүжіліп қалған екен. Домбыраға қосылып жыр айтуға, магнитофонға түсіруге дауысы



КӨНЕ СӨЗДІҢ КӨПБЕСІ

Көне жырдың көмбесі еді... «Сөзді сөз қозғайды» деген тәмсілдің, жаны бар екен, қаламнан қажып, күнделіктік газет, журнал актаратын әдеттен аспай жалатын бұйығы қалпымын «жыныс» әріптес інім Дүйсенбек Аяшұлының «Сыр бойы» газетінде (30 қаңтар, 2018 ж., № 16) жарияланған «Ол – құлагер болған біз – мұрагер» деген танымдық мақаласы қоздырды.

Автор аталған мақаласында қазақтың жирышылық салт-дәстүрінің адамзат бойына рухани нәр де, әрі деретін жирышылық өнердің екі ғасыр (XIX-XX ғғ.) кезеңінде дауыспаз өкілі болған әрі ақын, әрі орындаушы жырау болған жерлесімді Рахмет Мәззожаулы туралы қалам тербеген.

Қазақ оқырмандарына ақындық, жирышылық, термешілік өнер туралы пәлсафа айтып, білгірудің тіпті жөні жоқ.

Өйткені, біз тұмысынан ақын, жирыш халықпыз. Жирышы, термешілер өткен тарихыңды еске түсіріп, ақындарының шығармаларын, жыр-термелерін музыкаға қосып, (көбіне домбырамен сүйемделіп) құлаққа сіңімді мақам-үймен жұртқа жеткізіп отыраған.

Бұл пікірімді дәлел – қазіргі әлембет зерттеушілерміздің дәйектемелеріне жүгініске, халқымыздың бұл өнерін әр өңірдің ерекшеліктерін алға тарта отырып талдаған жөн. Мәселен, Арқа жирышыларына тән мектептің өзгелерге ұқсамайтын еңілікке бейім өзіндік ерекшелігі бар. Ал, Сүйінбай бастаған Жетісу аймағы жирышылары бойға сіңімді, жүрекке жағымды балауөменен жирылайды. Ал, баттасқа екпінді, жігерлі, төкпелік дәст

Басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондайла алдымен Алладан, онан кейін әкжелеңділерден дертімізге дауа сұрайтынымыз анық, Талай жанды сырқатынан сауықтырып, дертіне дауа дарытып, елдің алғысына бөленіп жүрген абзал жандар қашан да ел абыройы. Өзінің біліктілігімен, білімімен мыңдаған жанға өмір сыйлаған сондай мамандарды ел ішінде «алтын қолды дәрігер» деп дәріптеп, құрмет-қошеметке бөлеп, ілтипаттарын білдіріп жатады. Ақ желеңіне дақ түсірмей, көпшіліктің ықыласына не болып жүрген сондай жанның бірі – Шыңжырбай Оразмаханұлы. Ол – өзінің дәрігерлік еңбек жолында қаншама жанды ажал аузынан арашалап, халықтың құрметіне бөленіп жүрген майталман маман.

Есімі ел арасында кеңінен танымал Шыңжырбай Оразмаханұлы – жоғары санатты нейрхирург дәрігер, облыстық медицина орталығы нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі. 20 жылдан астам еңбек өтілі барысында ол мидағы ісіктер мен жедел гематомаларына, омыртқа бағанасы жарықтарына, перифериялық нерв жүйесіне күрделі оталарды жасауда талмай ізденіп келеді. Өзінің негізгі жұмысымен қатар, аудандарда жоғарыда аталған ауру түрлерінен емдеуде мамандандырылған медициналық көмек көрсетіп келеді. Жылына 40-қа жуық күрделі ота жасайды.

Шыңжырбай Оразмаханұлы 1968 жылы Шіелі ауданындағы Ақмая ауылында дүниеге келген.

1985-1993 жылдар аралығында Ақтөбенің мемлекеттік медицина институтын «Емдеу»



МАМАН МЕРЕЙІ

мамандығы бойынша бітірген. 1993-1994 жылдар аралығында облыстық ауруханада хирургия мамандығы бойынша интернатурадан өткен. Шыңжырбай Оразмаханұлының қияндығы мен машақаты мол дәрігерлік мамандыққа деген қызығушылығы бала күнінен басталады. Жетінші сыныпта оқып жүргенде әкесі қатты ауырып, операцияға түседі. Бала Шыңжырбай әкесіне қарайласып, жарасын танып, қолғабыс етеді. Сол кезде Шіелі аудандық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет атқаратын Өтеген Жәленов деген кісінің әкесіне көрсеткен қамқорлығы, дәрігер ретіндегі қызметі бала қиялын болашақта дәрігер болсам деген арманмен ұштастырған еді.

– Өтеген ағаның түрі қатал болып көрінетін, бетіне тура қарауға именетін едік. Аудан орталығынан ауылға жиі қатынап, менің әкемнің хал-жағдайын бақылап жүрді. Үнемі әкемнің жанынан табылатын маған бір келгенінде «Болашақта сен дәрігер боласың» деп қадап айтты. Ол кісінің осы бір ауыз сөзі сол күннен бастап менің құлағымда қалып қойды. Сонан дәрігер болуды армандап, өзімді осы мамандыққа дайындай бастадым, – дейді ол.

Сонан жоғарыда айтып өткеніміздей, мектепті бітірген соң ол Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Еңбек жолын 1994 жылы Қызылорда медицина училищесінде анатомия пәнінің мұғалімі қызметінен бастайды.

1995 жылдың мамыр айынан бастап облыстық медицина орталығының нейрохирург дәрігері,

әріптестеріне нейрохирургияның қыр-сырын үйретуден, тәжірибе алмасудан жалықпайтын жан.

– 2006 жылы Виталий Пак және Филипп Федорович Алхазов сынды мамандарымыз түрлі себептермен жан-жаққа кетті. Нейрохирургтардан мен ғана қалдым. Үш жыл еңбек демалысына шықпастан жұмыс істедім. Бірте-бірте жас-тар келе бастады. Жастардың келгеніне қатты қуандым. Бар білгенімді, жинаған тәжірибемді соларға үйретуге тырыстым. Бүгінде сол жас мамандар білікті дәрігер болып, абыроймен қызмет етіп жүр. 4 шәкіртім бар деп қуанып отырамын. Қанат Наддинов, Алмас Әбдіқали, Марат Алматов және Нұржан Байдүйсенов, ал балалар нейрхирургиясы бойынша Аминжол Айдын, Қанат Мелефовас деген дәрігерлеріміз бар. Бүгінде біз үлкен командамыз. Күрделі оталардың 90 процентін өзіміз жасаймыз, – дейді Шыңжырбай Оразмаханұлы шаттана. Қуанатындай, мақтатындай жолы бар, әрине. Өйткені, шәкірт жетістігі – ұстаз мерейі.

Білікті дәрігердің осындай үлгілі қасиеттері, онегісі істері лайықты бағасын алып та жүр. Атап айтқанда, ҚР Құрмет Грамотасымен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен марапаттаса, 2011 жылы облыс әкімінің стипендиясы, 2013 жылы «Жылдың үздік маманы» атағына не болай.

Жұрыда ғана ер жасы – елуге толған майталман маман, білікті дәрігер, абыройлы азаматтың шекенпейтін әлі талай талапты жағып қанаттанып ұшатынына сенім мол. Күрделі оталар жасаудың пәбері Шыңжырбай Оразмаханұлының шәкірттеріне деген ұстаздық сүйіспеншілігін, ағалық ақ ниетін көріп, осындай ой орнықты бізге.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».

ПСИХОЛОГ ПАРАҚШАСЫ

МЕЙІРІМГЕ БӨЛЕНГЕН БАЛА ӨЗІНЕ СЕНІМДІ БОЛАДЫ

Ата-анасы көбіне бала бойын- дағы қорқыныш пен үрейге ба- ланың өзінің ойлап тапқанын деп жеңіл қарайды және оған соншалықты мән бермейді.

Сөбі төрт айынан бастап айна- ласындағы адамдардың қасына жа- кылдағанын, не алыстағанын сезіп біле алады. Жеті айынан бастап ана- сының қамқорлығын, жасаған күті- мін сезінеді, ісін, алақанын таныды. Кейде ол жалғыз қалғанда мазасыз- данып, бойын қорқыныш билейді.

Қасында анасы болған кезде бала қорықпайды.

Әдетте балалар түнін бір уа- ғында шошып оянып, жылайтыны жиі кездеседі. Бұл – күндізгі қорқы- ныштардың салдары. Қорқыныш- ты фильмдер мен суреттер, оқиға, отбасындағы мырн-жырын, ұрыс- керіс мұның бәрі бала психика- сына әсер етіп, түнде түсіне кіреді. Мұндай жағдайда балаға қалай көмектесуге болады? Негізгі бала түсі мен оңи ажырата алмайды. Сондықтан, әлгі түсінде көрген қор- қыннышты жағасындайды болып көріңізді, мазасызданып жылайды.

Егер баланың шошып оянуы қайталана берсе, ұйықтар алдын-

да қорқынышты ертегі айтылмау- ын, сондай суреттер мен фильмдер көрмеуін ойлап тапқаныз. Оның орны- на бауу, ырақты ән салып беріңіз,

көңілді әңгіме, мыңдетті түрде жасасын. Ақпараттың ертелер айтаныз, түнде шошып ояну барлық балаға тән. Дегенмен, ол сау бала- да сирек кездеседі. Егер баланың шошынуы жиілессе, оны дәрігерге көрсету керек.

Ең бастысы, түнгі, күндізгі ұйқы қанық болуы қажет.

Баланың жатын бөлмесі ұйық- тауға жайлы, ауа-сы таза болсын. Өте жұмсақ кереуетке ұйықтайтын болса, омыртқалары қисайып өседі. Ұйықтар алдында тамаққа тодырушы болмаңыз. Бұл да өз кезегінде ұйықның бузылуына әкеп соғады. Жатар алдында екі сағат бұ- рын тамақтандырыңыз. Барлық бала сурет салғанды ұнатпай. Тіпті бір-екі жасқа дейін қаламаз жармасып, қаз- ғаш шимайлайды. Үш жаста ғана бала суретті түсініп салады.

Бұл да баланың ой-қабілетінің дамып жатқанын білдіреді.

Қорқыныш сезімін болдырмау және алдын алу үшін отбасында жағымды ахуал тудырып, театрға,

паркке, аттракциондарға барып, қала сыртына демалып, күйзелістен ары- луға, жасық көңіл-күй тудыратын орындарда бірге болуға кеңес бере- міз.

Басыңызға қандай қияндық түс- се де, баланың алдында сыр бермеу- ге тырысыңыз. Ата-анасының үнемі көңілізсіз, ұңжырғасының түсіп жүр- генін байқау балагері әсер етеді. Сондықтан үйде жүргенде белсенді, көңілді, өзіңізе сенімді болып жү- ріңіз, сонда ғана жасық қасиеттерді бағандығын бойынан көре аласыз.

Қорқастығы үнін балаларды еш- қанша басқаларымен салыстырып, кемшілігін бетіне басаңыз. Бәріне махаббатыңызды бірдей бөліңіз.

Әзіткермен қалай тіл табысу, араласу керектігін өзіңіз үйретіңіз. Өрқанша балаға күлп қараңыз, үлкендердің жылы шырғайына, мейі- ріміне бөленіп өскен бала өзіне сенімді болады. Баланың еңбекке баулыңыз, ол ортамен араласуына, тіл табысуына мүмкіндік берсін.

Нұрғұа РАХИМОВА,
Қызылорда қаласындағы
«Сәулет» жеке балабақшасының
педагог-психологы.

Данияр Ақышев алғаш рет «блокчейн» технологиясы қолданылған Invest Online инновациялық өнімінің іске қосылғаны туралы хабарлады

Бүгін Ұлттық Банк жаңа технологиялық өнім – Invest Online жүйесі іске қосты. Осы арнайы әзірленген мобильдік қосымшаны пайдалана отырып, қазақстандықтар он-лайн режимде КР ҰБ ноттарына, оның ішінде аздаған сомаға қаражат инвестиция-лай алады.

Бұл туралы бүгін Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев Алматыдағы арнайы бри-фингте Invest Online жүйесін таныстыру кезінде айтып өтті.

«Жүйе тәулік бойы жұмыс істейді, еш-қандай комиссиялар мен салықтар жоқ, барлық операциялар ашық және тегін. Бұл бағалы қағаздар абсолютті өтімді – оларды күн сайын есептелетін көпшіді кіріе ала отырып, кез келген сәтте кері сатуға болады», – деп атап өтті Д.Ақышев.

Ол Invest Online жүйесінің жұмысы негізінде үш инновациялық шешім қолданылғанын ерекше атап өтті.

Біріншіден, алғаш рет мемлекеттік деңгейде «блокчейн» технологиясы қолданылды. Яғни, әрбір транзакция бөлінген тізілім түріндегі ажырамайтын блоктар тізбегіне жазылады, бұл ақпараттың сақталуын және өзгермеуін қамтамасыз етеді. Екін-шіден, Қазақстан Ұлттық Банкі алғаш рет бағалы қағаздармен операциялар бойынша есеп айырысу

үшін қолданылатын электрондық ақшаны шығарды. Үшіншіден, барлық операц-иялар электрондық құрылғыларда онлайн түрінде қолжетімді.

«Бұл жүйе өзінің ауқымды техноло-гиялық мүмкіндіктерінің арқасында Ұлт-тық Банктің бағалы қағаздарымен ғана емес, сол сияқты ІРО-ға шығуды жос-парлап отырып, оның ішінде халықтың ақшасын тарта отырып шығуды жоспарлап отырған ірі қазақстандық компаниялардың бағалы қағаздарымен жұмыс істеуге мүм-кіндік береді. Болашақта Invest Online – кез келген бағалы қағаздармен жұмыс істеуге арналған ыңғайлы және қауіпсіз алаң, оны бүкіл қазақстандықтар пайдалана алады», – деп жоспарларымен бөлісті қаржы реттеушісінің басшысы.

«Қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясы ағ-ымдағы жылғы 27 наурыздан бастап іске қосылды. Эмиссиясының жалпы көлемі 50 млрд. теңгені құрайды. Осы бағалы қағаздар бойынша кірістілік мөлшерлемесі жылдық 8,5%-ды құрайды. Бұл ағымдағы күні Сіз нотты бір жылдан кейін 100 теңгеге сата отырып, 92 теңге 19 тиынға сатып ала аласыз, – деді Д. Ақышев. – Кіріс күн сайын есептелетініне Сіздердің назарларыңызды қайта аударамыз. Сіздер кез келген уақытта есептелген

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Биз-нестің жол картасы-2020» Бірыңғай бағдарламасының «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары» төр-тініші бағыты бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Рес-публикасы азаматтарынан іріктеуге өтініш қабылдау бас-талғандығын хабарлайды.

Өтініштер 2018 жылдың 12 сәуірі сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінішше қосымша:

1) жеке куәлік көшірмесі;
2) жұмыс өтілін растайтын құжат көшірмесі;
3) сауалнама бойынша үміткер құжаттары, растайтын қосымша құжаттарымен бірге (диплом көшірмесі, аттестат, куәлік, қызмет көрсетілгендігі туралы акт және т.б.).

Іріктеуге қатысуға өтініш үлгісі мен шарттарын Қызыл-орда облысының кәсіпкерлер палатасы кенесесінен алуға болады: Өйткені би көпесі, 28 немесе **syralatakorda2016@bk.ru** электрондық поштаға арқылы алуға болады. Байланыс тел.: 8/7242/ 40 08 74.

Сервистік қызмет көрсету бойынша:

1. Қызылорда қаласының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына маркетингтік сұрақтар бойынша менеджер-кенесші – 2 адам;

2. **Қызылорда қаласының** кәсіпкерлерге қызмет көр-сету орталығына мемлекеттік сатып алу, ұлттық компания-лар мен жер қойнауларын пайдаланушылар сатып алу бой-ынша менеджер-кенесші – 1 адам;

3. **Қызылорда қаласының** кәсіпкерлерге қызмет көр-сету орталығына кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін өңімдеуде – 1 адам;

4. **Қармақшы ауданы ҚҚО** бұхгалтерлік және салық-тық есептерге жүргізуге, сонымен қатар статистикалық есеп-қисапты құруға байланысты қызметтер – **1 адам.**

Менеджер-консультанттарға жалпы қойылатын талаптар:

1. Жоғары білім;
2. Мамандандырылған қызмет бойынша кенес көрсет-уден 1 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы немесе кәсіпкерлікті қолдау саласында 2 жылдан кем емес;
3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;
4. Компьютерлік сауатынның болуы.

Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұр-ғындарды бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдар-ламаларын ақпараттандыру бойынша:

1. монокалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Қазалы ауданындағы, Өйтеке би кентінде ҚҚО** арқылы Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-кон-сультант – **1 адам;**

2. монокалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Шіелі ауданындағы ҚҚО** арқылы Кәсіпкерлік субъекті-лері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпа-ратпен қамтамасыз ететін менеджер-консультант – **1 адам;**

3. монокалалар, кіші қалалар мен аудан орталықтарын **Сырдария ауданындағы ҚҚО** арқылы Кәсіпкерлік субъекті-лері мен кәсіпкерлік бастамалары бар тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ететін менеджер-консультант – **1 адам.**

Менеджер-консультанттарға жалпы қойылатын талаптар:

1. Жоғары білім;
2. Мамандандырылған қызмет бойынша кеңес көрсет-уден 1 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы немесе кәсіпкерлікті қолдау саласында 2 жылдан кем емес;
3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі;
4. Компьютерлік сауатынның болуы.

Ескерту: барлық менеджер-кенесшілер шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған барлық мемле-кеттік бағдарламалар («Бизнестің жол картасы - 2020 Бірыңғай бағдарламасы», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту – 2020 жыл картасы», «Агро-бизнес – 2020», «Өнімділік – 2020», «Экспорт – 2020») бой-ынша кеңес беруге құзыретті болуы тиіс.

Үміткерлердің кандидатурасы Қазақстан Респуб-ликасының Ұлттық экономика министрлігімен келісіледі.

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2018 жылдың ІІ тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Қабылдауды жүргізетін адамның ата-жөні	Қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы	Басқарма басшысы	Дүйсебай Сейсенбі Серсенбі Бейсебай Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-02-06
Ескараева Айтжанкүл Итпенқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсебай Сейсенбі Серсенбі Бейсебай Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсебай Сейсенбі Серсенбі Бейсебай Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қалмакова Гүлнар Амингелдықызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсебай Сейсенбі Серсенбі Бейсебай Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	27-01-00

2018 жылғы ІІ тоқсандағы «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының және оның орынбасарының азаматтарды қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, бөлме №	Байланыс телефонлары
Жасылбаев Талғат Оғрғанұлы	Басқарма басшысы	Өр атпаның серсенбі, жұма күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, құрылыс 1, №546 б бөлме	8(7242)605420
Шыарова Елена Николаевна	Басқарма басшысының орынбасары	Өр атпаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, құрылыс 1, №546 г бөлме	8(7242)605421
Құдайбергенов Ринал Махметұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Өр атпаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан, құрылыс 1, №547 бөлме	8(7242)605422

Семім телефонлары: 8 (7242) 60-54-28, 60-54-23

Электрондық пошта: **info@korda.gov.kz**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Қызылорда филиалы төмендегі монета өнімдерін сатылымға шыққандығы туралы хабарлайды:

Өнім аттары	Құндылығы (теңге)	Салмағы (гр.)	29.03.2018 ж. күнгі бағасы (теңге)
Инвестициялық алтын монеталар: «Жібек жолы»	1000 2 500	3,11 7,78	48 822 119 266
«Алтын барыс»	10	3,11	48 260
Инвестициялық күміс монеталар: «Күміс барыс»	1 2 5 10	31,1 62,2 155,5 311	6 628 12 777 31 194 61 958
Алтын монеталар: «Барыс» (UNCIA), «2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына арналған монеталар» «Мысық тектес жыртқыш бұғылармен бірге». «Жалаулы көмбесі», «Мысық тектес жыртқыш бұғылармен бірге».	100 50 100 50	1,24 0,5 1,24	18 100 7 000 17 500
Әлемнің әйгілі мейіттері: «Mohamed Ali», «Omar Ali Saifuddinn», «Taj-Ul», «Faisal», «Zahir». «Baiturrahman» «Жартастың күмбезі» «Сұлтан»	500 500 500	3,11 3,11 3,11	44 400 44 100 45 000
«Шоқан».	500	7,78	110 500
«Сүйінбай», «Аль Фараби».	500	7,78	107 700
«Абай», «Мешін жылы», «Қоян жылы».	500	7,78	108 000
«Жылан жылы».	500	7,78	109 000
«Құрманғазы», «Жылқы жылы».	500	7,78	108 300
«Кой жылы».	500	7,78	110 400
«Тауық жылы», «Әбілқайыр хан».	500	7,78	109 400
«Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған монеталар» «2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарына арналған монеталар» «Ұлттық валютаны енгізудің 20 жылдығына арналған ескерткіш монеталар»	50 000 50 000 100 000	1000 1000 2000	13 842 700 13 890 000 27 834 700

Күміс монеталар:
«Ауыр атлетика. Олимпиада ойындары-2012», «Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016».
«Шайбалы хоккей. Олимпиада ойындары 2014».
«Конькимен сырғанау спорты. Олимпиада ойындары 2014».
«Сырықпен секиру. Олимпиада ойындары 2016».
«Бокстан әлем чемпионаты. Алматы 2013».
«ҰҚШҰ».
«Каспий итбалығы», «Шәкен Айманов».
«Бұлан. Бастырма», «Тауық жылы», «Әбілқайыр хан»
«Тұңғыш ғарышкер».
«Мир» ғарыш станциясы»
«Көкпар», «Қой жылы», «Байқоңыр», «Сірқо».
«Қосаяқ».
«Наурыз мейрамы», «Бауырсақ», «Дәуіт», «М. Ғабдуллинге 100 жыл», «2015 – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы».

«Арқар.Көшпенділер алтыны».
«Сүйіндір», «Қара кірпі», «Сүйіндір», «Әлемдік және дәстүрлі діндер көпбасшылары съезіне 10 жыл», « Ұлттық валютаны енгізудің 20 жылдығына арналған ескерткіш монеталар», «Жылқы жылы», «Шұралас».

«Шоқан», «Т.Г.Шевченкоға 200 жыл».
«Сексеуіл»
«Абай», «Мешін жылы», «Үстірт муфлоны», «Қожанасыр», «Бата».

«Шыбыншы торғай».

«Бәйшешек».

«Сабаншы».

«Күлтегін».

«ХҒС-Халықаралық ғарыш станциясы».

«Бұран» - орбиталық ғарыш кемесі.

«Тазы», «Алқа».

«Махаббат».


«Венера-10» ғарыш аппараты.

ҚЫЗЫЛОРДА – 200

«АҚМЕШІТ – ПЕРОВСК – ҚЫЗЫЛОРДА»

Екі ғасыр куәсіндегі ғимараттар

Перовск форт болып қалыптасқан соң мұнда 36 ғимарат салынған. Ескі қалада екі кірпіш зауыты, екі жел дірмені, үш монша және төрт шөйхана болды. Қала XIX ғасырдағы Орынбордың сәулет үлгісімен, сол жақта пайдаланылған құрылыс материалдарымен салынды. Кейбір деректерге қарағанда, 1904 жылы Перовскте мыңдаған ғимарат тізімделген. Бүгін Қызылорданың екі ғасырлық тарихының куәсі – ескі ғимараттар туралы айтқанды жөн деп таптық. Олар – бір-біріне жақын орналасқан «Айтбай» мешіті, православ шіркеуі, сол-даттар казармасы және қалалық училище.



Шіркеу туралы деректерге назар аударсақ, Перовск орыс патшалығының иелігіне өткеннен кейін көп ұзамай-ақ, яғни, 1855 жылы 15 қазанда ашылған. Алғашқы құлшылық орны шатырда орналасып, кейін 1863 жылы сабан мен кірпіштен, сырты киізбен қапталған шіркеу салынды. Бірақ тасыған дария суы іргетассыз ғимаратты шайып кетті. Сол жылы күйдірілген кірпіштен тағы да шіркеу салынып, оған «Храм Свято-Казанской иконы Божией Матери» деген атау берілді.

Қала халқы тез өсіп, офицерлер мен солдаттар, олардың отбасы құлшылық орнына сыймайтын жағдайға жетті. Сол себепті қазіргі шіркеудің құрылысы 1890 жылы басталған еді. Құрылыс 5 жыл бойы, Есаков деген сәулетшінің жобасымен жүргізілді. Күйдірілген сары кірпіш Қазалыдан жеткізілді. 1896 жылдың 6 желтоқсанында жаңа шіркеуде алғашқы рәсім өткен. Құрылысқа 35 мың рубль жұмсалып, оның 5 мыңы келушілерден жиналған.

Шіркеудің биіктігі – 18 метр, мұнда 9 қонырау болған. Ең үлкенінің салмағы 136 пұт, яғни 2 тоннадан асқан. Қазір 1888 жылы құйылған біреуі ғана сақтаулы. Басқаларын болшевиктер балқыту үшін алып кеткен. Бұл орын

қазір республикалық маңызы бар тарих және мәдени ескерткіштер қатарында, еліміздегі осы үлгімен салынған жалғыз құрылыс. Мұндай шіркеу Ташкент пен Астраханьда ғана бар. Еденіне Мәскеу Кремліндегідей шөген плитқалар төселген. Шіркеуде 250-300 адам еркін мінәжат ете алады.

Тарихы өткен ғасырлардың қойнауына жетелейтін ескі ғимараттың бірі – «Айтбай» мешіті. Тарихшылардың айтуынша, мешітті 1878 жылы Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері – Ысқақ пен Камал салған. Бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері Қызылордамен бірге жасасып келе жатқан имандылық үйінің құрылысына сол заманда 40 мың рубль жиналған көрінеді. Биіктігі 14 метрлік, күйдірілген қышпен өрнектелген, төбесі қаналтырмен жабылған.

нехы ретінде пайдаланды. Кейінірек облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалына айналдырыл. Ал шіркеу 1930-жылдары депортацияланғандарға арналған жатақхана, кейін музей болған. Тәуелсіздік жылдарында екі ғимарат та қайта жаңғыртудан өтті.

Қазір көркемсурет галереясы орналасқан бұрынғы облыстық әскери комиссариаттың ғимараты XIX асырдың аяғында, яғни 1896 жылы Орынбор әскери генерал-губернаторлығының тапсырысымен әскери казарма ретінде сол дәуірдегі сәулет үлгісінде салынған. Дария жағасындағы мекеннің әскерілер үшін стратегиялық тұрғыда маңызы орын болғаны байқалады. Ғимараттың ұзындығы – 32 метр, ені – 12,8 метр. Құрылысты жобалағандар, жүргізгендер туралы мәлімет жоқ. 2014 жылы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп,



ғимарат толықтай қайта жаңғыртудан өтті. Жұмыс барысында ғимараттың ішкі, сыртқы қабырғалары қалпына келтірілді, төбе жабыны ауыстырылды. Сонымен қатар ғимараттың аумағы қоршалды. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне алынған.

Қазіргі ескі базар маңындағы «Аль-Асад» сауда үйі 1878 жылы әскерилердің балаларына арналған училище болып салынған. Шіркеу жанындағы барактарда офицерлер мен солдаттардың отбасылары тұрғандықтан, оқу орны жақын жерге, яғни шіркеуге қарама-қарсы орналасты. Базар жанындағы барак типтес үйлердің кешегі 90-жылдарға дейін тұрғанын білеміз. Сауда үйіне кірер есіктің жоғарғы жағында «Городское училище, 1878 года» деген жазу бар. Ескерткіш мемлекет қарауында.

Аталған ғимараттардың бір құрылыс материалынан, яғни күйдірілген қыштан салынғаны, бір-біріне жақын орналасқаны, салынған уақыты олардың тарихи құндылығын одан әрі айқындай түседі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

ӨНЕР



САЗДЫ ӘУЕНІ ЖҮРЕКТЕРДІ ТЕРБЕГЕН

Ән әлемінде өз қолтаңбалары бар қызылордалық Талғат Нағашыбаев пен Сәкен Шынымов қалың елдің ыстық ықыласына бөленген талантты композиторлар.

Балалар шырқайтын әуендер өте сыршылдық пен нәзіктікті қажет етеді. Олардың жүрегіне жол тауып, нәзік иірімдермен баурап алатын сазды әлемнің сиқырын терең меңгерген қос талант бұл бағытта да өз биіктерін тапты.

Облыс орталығындағы №264 мектеп-лицейінде Халықаралық композиторлар конкурсының лауреаты Талғат Нағашыбаев пен ұстаз-композитор Сәкен Шынымовтың балаларға арнап жазған әндерінен авторлық ән кеші өтті.

Салтанатты шараға композитор Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Рамазан Тайманов, балалар ақыны Рахат Наурызбаева, белгілі композитор Сәбит Ұлықпаңұлы, Қорқыт ата мемлекеттік университетінің оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Бақытхан Әбдікәрімов қатысты.

Шығармашылық кештің төріндегі қос өнерпаз бүлдіршіндердің орындауында өз әндерін тыңдап, көрерменнің ықыласына бөленді. Кеш соңында қос талант Қорқыт ата мемлекеттік университетінің «Үздік тұлға» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, оларға облыс, қала әкімдіктері, білім және ғылым қызметкерлерінің облыстық кәсіподағы ұйымы, біркатар басқармалар тарапынан Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Ш.ЖАМАЛТЕГІ.



БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЫР ЖҮЛДЕСІ СЫР ЕЛІНДЕ

Өткен аптада Астана қаласында «Ел жүрегі – Астана» деген атаумен жеткіншектер арасында үшінші республикалық жыр мүшәйрасы өтті.

Жыр додасына барған жетпіске жуық оқушының осалы жоқ. Әрқайсысы әр аймақтың мықтысы. Мүшәйраның шарты бойынша олар Астананы жырға қосып, жиырма жылдағы жетістіктерді бейнелі тілмен жеткізуі керек. Сайыста Сыр елінің намысын қаладағы №197 қазақ орта мектебінің 11-сынып оқушысы Ерасыл Мамырұлы қорғады. Мектебіміздің мақтанышына айналған, бұған дейін де бірнеше мәрте облыстық, республикалық жыр додалары мен айтыстарда биіктерден көрініп жүрген Ерасылдың өлеңдері қазылардың сынынан сүрінбей өтті. Сөйтіп бас жүлде Сыр еліне бұйырды.

Қатысушылар оқыған өлеңдер арасынан іріктелген жұп-жұмыр, жинақы туындылар «Ел жүрегі – Астана» атты жыр жинағына енгізіліп, авторларына жүлде үлестіріледі. Мұндай игілікті іс-шараны ұйымдастырушы «Тәуелсіз ел

жастары» қоғамдық қорының төрағасы Бауыржан Айткәрімовтің айтуынша, бұл еліміздің ертеңі – жастарға бағыт-бағдар беріп, елдігімізді, бірлігімізді, еңесі биік елордамызды жырға қосуға мүмкіндік берсек деген ниеттен туған дүние.

Жарыстан соң оқушылар қаланың көрікті жерлерін тамашалап, өз өңірлеріне үлкен серпіліс, шығармашылық шабытпен қайтты. Біз де өз кезегімізде мектебіміздің мерейі болған ақынжанды шәкірт Ерасыл Байментаевті шын жүректен құттықтаймыз. Оған толағай табыстар тілейміз.

Айжан ӘЛДЕШОВА,
№197 қазақ орта мектебінің мұғалімі,
11-сынып жетекшісі.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

2018 жылғы 7 сәуір күні Қызылорда қаласы мен Қазалы, Қармакшы аудандары әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы: сағат 09.00.

Қызылорда қаласы – Ж.Абрахманов көшесінің бойы («Сәулет» мәлтек ауданы №12 орта мектеп маңы).

Қазалы ауданы – Ғ.Мұратбаев көшесі (Қ.Яссауи көшесі мен Жанқожа батыр көшесінің аралығы), Қармакшы ауданы – «Мерей» мәлтек ауданы («Дуған» мейрамханасының маңы).

Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**

"АҚМЕШІТ" ЛОНДОНДА ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

"Ақмешіт" фольклорлық ансамблі Лондонда өтетін Наурыз тойына қатыспақ. Мерекелік шара 7 сәуір күні "Victoria Embankment Gardens" саябағында ұйымдастырылады.

Сырбойлық өнерпаздар Дәулеткерейдің "Қорұғлы", Ықыластың "Жезкіік", халық күйі "Ел айрылған" сынды шығармалар мен әлемдік классикалық туындыларды орындайды. Ұжымның жеке орындаушылары жыр-термелен шашу шашады.

"Өнерпаздарымыздың тартуы арқылы біз ұлттық өнерді дәріптейміз", – дейді филармония директоры Талғат Мақашев.

Айта кетейік, "Ақмешіт" фольклорлық ансамблі тәлтума өнерді, қазақ ұлттық фольклорын насихаттау мақсатында 2009 жылы облыстық филармония жанынан құрылған болатын. 1972 жылы ашылған облыстық филармонияда 7 шығармашылық ұжым жұмыс жасайды.

Жалпы "Ақмешіт" фольклорлық ансамблінің құрамында 12 өнерпаз бар. Олар республикалық, халықаралық конкурстар мен фестивальдарда жеңімпаз атанып жүр.

Соңғы жылдары облыс басшылығының қолдауымен ансамбль өнерпаздары Өзбекстан, Ресей, Түркия елдерінде гастрольдік сапарларда болды.

«СБ» ақпарат.



Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
төл/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
төл: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өнделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Төл.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30305
Тапсырыс №515

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz